

## ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАНК ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

Осы электрондық банк қызметтерін көрсету туралы келісіммен (бұдан әрі – Келісім) Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілдермен Банктің қашықтан банктік қызмет көрсету жүйесі арқылы (бұдан әрі – ҚБҚЖ) электрондық банк қызметтерін көрсетуімен байланысты «ForteBank» АҚ (бұдан әрі – Банк) және Пайдаланушының арасындағы қарым-қатынас реттеледі.

Осы Келісім қосылу шарты болып табылады және Пайдаланушы тиісті тексерілген және тексеру оң нәтиже берген жағдайда жасалған болып саналады, сондай-ақ Келісімнің барлық талаптарын қабылдайды және заңды күшке ие болады, тараптардың тиісті міндеттемелерін тудырады және жазбаша нысанда жасалған болып есептеледі. Банк Пайдаланушының көрсетілген Келісімді forte.kz ресми сайтынан алу мүмкіндігімен қамтамасыз етеді.

Пайдаланушы Келісімнің талаптарын қабылдау туралы келісімін растай отырып, Электрондық банк қызметтерін көрсету туралы келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын оның жалпы талаптарын (бұдан әрі – Жалпы талаптар) оқып, түсінгендігін және келісетіндігін растайды және оларды уақытында және толық көлемде орындауға міндеттенеді. Жалпы талаптар <https://support.forte.kz/> қолдау бөлімінде және Банктің forte.kz ресми сайтында орналастырылған.

Пайдаланушы ҚБҚЖ пайдалану тек «сол қалпында» мүмкін болатындығын түсінеді және келіседі, яғни Келісімнің әрекет ету мерзімінің кез келген уақытында Банк ұсынған ҚБҚЖ функционал, ақпараттық мазмұны, интерфейс, дизайны, басқа компоненттері кешені мен пайдалану талаптарына сәйкес Пайдаланушының оны өзі ерік білдіруі бойынша өзгертуі техникалық жағынан мүмкін емес.

Пайдаланушы Келісімге қол қоя отырып, Банктің forte.kz ресми сайтында орналастырылған Дербес және өзге деректерді жинау және өңдеу туралы келісім нысаны бойынша Пайдаланушының деректерін/дербес деректерін жинауға, өңдеуге өз келісімін береді және оның мазмұнымен танысқанын, түсінетінін және қабылдайтынын, онда көрсетілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу тәртібімен келісетінін растайды. Сондай-ақ Пайдаланушы өзінің және оның жұбайының/жақын туыстарының жария лауазымды тұлғалар емес екенін растайды. Өзге жағдайда, Пайдаланушы Банк бөлімшесінде верификация/тексеру процесінен өтуін растайды.

### 1. Келісімнің мәні

1. Банк Келісім шеңберінде және оның талаптарында Пайдаланушыға Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілдермен ҚБҚЖ арқылы электрондық банк қызметтерін көрсетуге, ал Пайдаланушы Банктің филиалдарындағы/бөлімшелеріндегі көпшілікке қолжетімді орындарда және Банктің forte.kz ресми сайтында орналастырылған Банктің тарифтеріне сәйкес ол қызметтерге ақы төлеуге міндеттенеді.

2. Банк электрондық банктік қызметтерді қауіпсіздік рәсімдерінің талаптарына сәйкес ҚБҚЖ, авторизацияланған аймақ чаты арқылы (егер мұндай функция тиісті ҚБҚЖ-да көзделсе және техникалық тұрғыдан іске асырылса) көрсетеді.

3. Пайдаланушы Келісім бойынша орындалмаған міндеттемелері болмаса, Келісімнен біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы және ол туралы келісімді бұзу жоспарланған күннен 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын Банкке тиісті жазбаша хабарлама жолдауы тиіс.

4. Банк Келісімді біржақты соттан тыс тәртіпте өзгертуге немесе одан бас тартуға құқылы, ол туралы Келісімді өзгерту/әрекетін тоқтату жоспарланған күннен кем дегенде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын тиісті ақпараттық хабарламаны Банктің forte.kz ресми сайтында орналастыруы немесе Пайдаланушыға тиісті SMS хабарламаны/Push хабарламаны жолдауы тиіс.

5. Келісім Тараптардың келісімі бойынша немесе Тараптардың бірі Келісім талаптарын бұзса, біржақты тәртіпте бұзылуы мүмкін.

6. Келісімнің әрекеті мына жағдайларда тоқтатылады:

1) Келісімде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіпте;

2) егер Пайдаланушы жүргізетін операцияларды зерделеу барысында олардың қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында жүргізіліп жатқандығы туралы күмән туындаса;

3) уәкілетті органның «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жасайтын тізбесінде Пайдаланушы туралы мәліметтің болуы;

4) егер операцияның/мәміленің немесе мәміле бойынша міндеттеменің бір тарапы/қатысушысы халықаралық ұйым немесе шет мемлекет айқындайтын қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландырудың едәуір тәуекелдері бар елде тіркелген/орналасқан тұлға болса немесе осы операцияны/мәмілені орындауда мұндай тұлға қатысса;

5) егер Банк осы Келісімнің талаптары, Қазақстан Республикасының және Банк қызметіне қатысты шет мемлекеттердің заңнамасы, қоғамдық болып саналатын Банктің және корреспондент банктің ішкі рәсімдері мен талаптары бұзылады немесе бұзылуы мүмкін деп санаса, сонымен қатар кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес, қолданысы Банкке және Пайдаланушыға қолданылатын санкциялардың болу жағдайында.

7. Келісімде қарастырылмаған басқа жағдайларда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

### 2. Банктің деректемелері

**Мекенжайы:** Z05P1P0/010017, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Достық көшесі, 8/1

**Телефон:** +7 (717) 258-40-40, +7(7172)58-75-75, ұялы телефоннан 7575

**e-mail:** info@fortebank.com

**BSK** IRTYKZKA

**BSN** 990740000683